

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ жанындағы
Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі «Ауыл шаруашылығы және
биоресурстар», «Ветеринария» даярлау бағыттары бойынша Оқу-әдістемелік
бірлестігі – Жобаларды басқару тобы
«Жаңа кәсіптер мен құзыреттер атластары, кадрлар қажеттілігінің өңірлік
карталары негізінде салалық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту»
тақырыбында ашық әдістемелік семинар**

№ 3 хаттама

Алматы қ. Офлайн/онлайн режимде

28-29 сәуір 2026жыл

Модератор: Ибрагимов П.Ш., РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары, Басқарма Төрағасы – Ректордың Бірінші орынбасары, в.ғ.д., профессор

Қатысушылар: «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша ОӘБ – ЖБТ мүшелері, академиялық сұрақтар бойынша мамандар, әдіскерлер және білім беру бағдарламаларын әзірлеушілер.

ТЫҢДАЛДЫ:

Мәжіліс отырысын РОӘК ОӘБ ЖБТ төрағасының орынбасары **Ибрагимов Примкул Шолпанкулович** ашты.

Құрметті әріптестер, құрметті жиынға қатысушылар! Сіздерді Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің жанындағы РОӘК «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» және «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша ОӘБ – ЖБТ аясында өтетін салалық жаңа кәсіптер мен құзыреттер атластары, сондай-ақ кадрлар қажеттілігінің өңірлік карталары негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңартуға арналған ашық әдістемелік семинарда көргеніме қуаныштымын.

Жаңа кәсіптер мен құзыреттердің салалық атластары негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту қазіргі таңда стратегиялық мәнге ие болып отырғанын ерекше атап өткім келеді. Дәл осындай құралдар салалардың ұзақ мерзімді даму тенденцияларын, технологиялық өзгерістерді және еңбек нарығының өзгеруін ескере отырып, алдын - ала дайындық жүйесін құруға мүмкіндік береді. Кәсіптер мен құзыреттердің салалық атластарын пайдалану білім беру жүйесі мен экономиканың нақты қажеттіліктері арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етеді, сұранысқа ие құзыреттерді қалыптастыруға және түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

«2026 - 2030 жылдарға арналған АӨК кадрлар қажеттілігінің болжамы және аграрлық университеттердегі білім беру бағдарламаларын жаңарту» тақырыбында баяндамамен ҚР АШМ «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КеАҚ Білім және білімді тарату департаментінің бас экспетрі **Насырханова Бакыт Кайрғазиновна** сөз алды. Баяндама барысында спикер Республика бойынша аграрлық даярлау бағытының 2026-2030 жылдар аралығына арналған аграрлық мамандықтар санының артуы болжамымен таныстырып өтті. Сондай-ақ аграрлық салаға кадрлар даярлау қазіргі таңда стратегиялық міндет екенін атап, халықтың 40% ауылдық жерде тұратындығын ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жаңарту маңыздылығын жеткізді. Спикер білім беру бағдарламаларын жаңартуда негізгі құралдары жаңа кәсіптер мен құзыреттер атластары мен өңірлік кадр қажеттілігінің карталары болып табыладыны айқындап, соңғы 5 жылда 70 кәсіптік стандарт әзірленгендігін және елімізде агро бағытта 80% білім беру бағдарламалары жаңартылғандығын, 50 ден астам жаңа білім бағдарламалары енгізілгендігін, дуальды оқыту 70%-ға жеткендігін, 1000-нан астам агробизнес кәсіпорындары мен серіктестік орнатылғандығын, түлектердің жұмысқа орналасуы – 85% орныққандығын атап өтті.

«Қазақстанның агроөнеркәсіп кешеніндегі кадрлық алшақтық: Жаңа кәсіптер атласы мен кадрлар қажеттілігінің аймақтық карталары негізінде ҚазҰАЗУ білім беру бағдарламаларын жаңарту»

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры **Алпысбаева Гүлмира Егізбайқызы** Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені-бұл 285 мың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен 1 миллионға жуық жұмыспен қамтылған қызметкерлер екендігін, бұл экономиканың бір саласы ғана емес елдің азық - түлік қауіпсіздігін, экспорттық әлеуетті, ауылдық жерлердегі әлеуметтік тұрақтылықты және нақтылай келгенде, еліміздің даму моделінің тұрақтылығын анықтайтын сала екендігін атап, жаһандық климаттық сын-қатерлер, әлемдік азық-түлік нарықтарының трансформациясы және геосаяси шиеленістің күшеюі жағдайында ауыл шаруашылығының ролі стратегиялық болып табылатындығын айқындап, жеткізді. Сондай -ақ, Г.Е.Алпысбаева дәл осы стратегиялық рөлдің артуының аясында бүгін жүйелі кадр дағдарысының куәсі болып отырғанымызды, бұл дағдарысты ескермеуге болмайтындығын және саланың тиімділігіне қазірдің өзінде әсер етіп жатқан дағдарыс екендігін айтып өтті. Кадр тапшылығы, әсіресе, агрономия, ветеринария, ауыл шаруашылығы техникасы және өңдеу салаларында өткір тұрғандығын, ветеринарлық қызметі ерекше қиындық тудыратындығын: аймақтарда бос қызмет орындары әлі толтырылмағандығын, мамандардың орташа жасы 49 жасқа жақындап келетіндігін, ал әрбір оныншы ветеринар 65 жастан асқандығын да спикер баяндап, бұл жағдай 5-7 жыл ішінде мамандардың тұтас бір буынының мамандықтан кетіп, олардың орнына білікті мамандар келмеуін көру қаупі бар екендігінде жеткізді. Аталған сандық көрсеткіштердің артында ауылшаруашылық білім беру жүйесі мен еңбек нарығының нақты сұраныстары арасындағы алшақтық жатқандығын, оқу бағдарламалары көбінесе цифрландыру, автоматтандыру және инновациялық даму талаптарына сәйкес келмей жатқандығын, ғылым - білім - өндіріс арасындағы тұрақты байланыстың болмауы жаңа технологияларды, тіпті олар техникалық тұрғыдан қолжетімді және экономикалық тұрғыдан тиімді болған жағдайда да, енгізуге кедергі келтіріп жатқандығын атап өтті.

Өз баяндамасында Г.Е.Алпысбаева қазіргі таңда Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті соқыр жұмыс істемейтіндігін, білім беру бағдарламаларын интуитивті емес, ақылға қонымды түрде жаңартуға мүмкіндік беретін екі бірегей құралдарды: жаңа мамандықтар мен құзыреттердің атласы және кадрларға деген қажеттіліктердің аймақтық карталарын пайдаланумен жаңартуды көздейтіндігін жеткізіп, қазіргі таңда университетте жүзеге асырылған инновациялық жаңа білім беру бағдарламаларымен: Биоинженерия, Биоинформатика, Жасанды интеллект, Агроэкология, Ландшафттық дизайн және көгалдандыру, Агроөнеркәсіптік кешеніндегі цифрлық технологиялар, екі дипломды бағдарламасы бойынша білім беру бағдарламаларымен: Биотехнология (Малайзия университеті, Паханг Әл-Сұлтан Абдуллах), Жасанды интеллект (Чжэцзян технологиялық университеті), IT-технологияларын пайдалана отырып су ресурстарын басқару (Небраска - Линкольн Университеті), Мелиорация және суармалы егіншілік («Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты» Ұлттық зерттеу университеті), сондай-ақ, басқа ЖОО -мен бірлесе әзірленген білім беру бағдарламаларымен: Биоинформатика (СДУ), Агроэкология (Міржақып Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті) және 2026-2027 оқу жылына әзірленген жаңа инновациялық білім беру бағдарламаларымен: Агробизнестегі қаржылық талдаушы, Агробизнестегі қаржылық талдаушы, Агробιοинженерия, Мал шаруашылығындағы ақылды технологиялар бағдарламаларымен таныстырып өтіп, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде әзірленген, әзірлену үстіндегі жаңа білім беру бағдарламалары еліміздің еңбек нарығы үшін өте маңызды екендігін, олар жаңа мамандықтар атласына сәйкес дайындалатындығын және жетекші әлемдік университеттердің қатысуымен жүзеге асырылып, білім беру бағдарламаларының өзектілігін және заманауи экономикалық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ететіндігін жеткізді.

«Еңбек нарығы трансформациясы жағдайындағы Ұлттық біліктілік жүйесінің рөлі»

Спикер: **Свердлова Елена Александровна**, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ, салалық біліктілік жүйесін үйлестіру департаментінің бас сарапшысы

Баяндамада «Адам ресурстарын дамыту орталығы» АҚ Қазақстан мен Орталық Азиядағы әлеуметтік-еңбек саласындағы цифрлық шешімдерді енгізетін жетекші аналитикалық институт екені атап өтілді. Ұйымның қызметі үш негізгі бағыт бойынша дамып келеді: әлеуметтік-еңбек саласының цифрлық инфрақұрылымын дамыту және қолдау (17 ақпараттық жүйе, 292 интеграциялық қызмет, автоматтандырылған мемлекеттік қызметтердің 95%); еңбек делдалының сапасын арттыру (211 мансап орталығы, жылына шамамен 827 000 өтініш беруші, 1 млн жұмыс беруші және 2,9 млн жұмыс іздеуші); аналитикалық қолдау және жұмыс күшінің дағдыларын дамыту (жылына 100-ден астам аналитикалық материал, болжамның 3 түрі, 4 негізгі ҰҚК құралы). Сондай-ақ баяндамада ұйымның 2018 жылдан 2024 жылға дейінгі цифрлық өнімдерінің эволюциясы ұсынылды.

Е.А.Свердлова дүниежүзілік экономикалық форум деректеріне сілтеме жасай отырып, келесі болжамдарды атады: 2030 жылға қарай 170 миллион жаңа жұмыс орны ашылады және 92 миллионы жойылады; адам еңбегінің үлесі 47%-дан 32%-ға дейін төмендейді; ал жұмысшылардың 59%-ы қайта даярлауды қажет етеді. 2030 жылға қарай дағдылардың 39%-ы өзгереді немесе ескіреді, функциялардың 29%-ы автоматтандырылуы мүмкін, ал 13%-ы генеративті жасанды интеллект арқылы орындалуы мүмкін деген болжам бар. Технологиялық өзгерістер көп бағытты әсер етеді: кеңейтілген цифрлық қолжетімділік есебінен +9,9 млн жұмыс орны; ЖИ және ақпаратты өңдеу технологиялары есебінен +1,8 млн; Роботтандыру мен автоматтандыру есебінен -4,8 млн.

Өз баяндамасында спикер Қазақстандағы Ұлттық біліктілік жүйесінің даму кезеңдері туралы, Мамандықтарды бағалау және жіктеу құралдары туралы, Салалық біліктілік жүйесін дамыту және кәсіби стандарттарға цифрлық қолжетімділік туралы (career.enbek.kz), нормативтік дереккөз туралы (adilet.zan.kz), «Ветеринария» білім беру бағдарламасын кәсіби стандарттармен біріктіру туралы, «Агрономия» білім беру бағдарламасын кәсіптік стандарттармен интеграциялау туралы, «Мал шаруашылығы» және «Бизнес және менеджмент» білім беру бағдарламаларын кәсіптік стандарттармен интеграциялау туралы ақпараттармен бөлісіп өтті. Сонымен қатар, баяндамашы бүгінгі таңда Қазақстандағы Ұлттық біліктілік жүйесі Қазақстан Республикасының «Кәсіби біліктілік туралы» Заңына, «Адам ресурстарын дамыту орталығы» АҚ цифрлық инфрақұрылымына, салалық кеңестердің жұмысына, жұмыс берушілердің белсенді қатысуына негізделген үйлесімді институционалдық негізді білдіреді деп қорытындылады. Бұл жүйе еңбек нарығының технологиялық сын-қатерлеріне барабар жауап беруге мүмкіндік беретіндігін, біліктіліктің салыстырмалылығын қамтамасыз етеді, білім мен өндіріс арасындағы байланысты сақтайтындығын жеткізді.

Салалық және аймақтық жаңа кәсіптердің атластарындағы болашақ аграрлық сектордағы мамандықтар

Спикер: **Скиба Марина Александровна**, ҚР ҒЖБМ «Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының» «Мамандығым - болашағым» жобасы экспертi

Баяндамада М.А.Скиба ауыл шаруашылығы саласында Қазақстанның жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласында 18 жаңа және 19 өзгертін мамандықтар анықталғандығын атап өтіп, қазіргі таңда агроөнеркәсіп кешеніне арналған білім беру бағдарламаларына қандай құзіреттіліктерді енгізу керек деген сұрақ туындайтындығын жеткізді. Баяндамада үш нысан қарастырылған: жаңа мамандықтарды дамыту логикасы, кәсіптердің мысалдары, құзыреттер және жұмсақ дағдылар. Сондай-ақ, баяндамашы Агроөнеркәсіп кешенінде жаңа мамандықтардың пайда болу себептеріне тоқталып, төрт қозғаушы фактордың: цифрландыру және роботтандыру (дәл ауыл шаруашылығы, дрондар, IoT, роботтандырылған фермалар, автоматтандырылған мониторинг); климат және ресурстар (су тапшылығы, жердің деградациясы, егін өнімділігі және биоәртүрлілік тәуекелдерін басқару); жасылдандыру және айналымдылық (қалдықтарды қайта өңдеу, экоконтейнерлер,

биоөнімдер, технологиялық жүктемені азайту); экспорт және өнім сенімі (бақылау, сапа стандарттары, нарықты білу, логистикалық тәуекелдерді азайту) ерекшеленгендігін жеткізіп, ауыл шаруашылығы мамандықтары пәнаралық болып келетіндігін - мамандар ауыл шаруашылығы өндірісін, цифрлық инфрақұрылымды, экономиканы және тұрақтылықты түсінуі қажет екендігін айқындады.

М.А.Скиба атлас жай ғана тізім емес, ауысулар картасы екендігін: жаңа мамандықтар (18) жаңа функцияның қай жерде пайда болатынын көрсетеді; түрлендіру (19) дәстүрлі жұмыстың қалай өзгертінін көрсетеді (фермер, бағбан, құс өсіруші, балық өсіруші, өңдеуші оператор «индекс 2.0» алады); жоғалып кететін функциялар - автоматтандыру және роботтармен экономикалық тұрғыдан алмастыруға болатын әдеттегі операциялар туралы ақпарат беріп, білім беру бағдарламасы үшін бұл атауды өзгертуді емес, оқу нәтижелерін, кәсіби практикаларды, зертханаларды және өндірістік жағдайларды қайта құруды білдіретіндігін атап өтті. Сондай - ақ, баяндамада hard skills үш салаға бөлінетіндігі: техникалық (деректер, GIS, IoT, робототехника, бағдарламалау, сенсорлар, бұлттық қызметтер), биологиялық (генетика, биотехнология, микробиология, биопрепараттар, экожүйені бағалау) және экономикалық (экспорт, логистика, стандарттар, тәуекелдерді басқару, кәсіпорын экономикасы), soft skills -ке жүйелік ойлау, жауапкершілік және қоршаған ортаға зиянсыздық, қарым-қатынас пен сенім және бейімделу жататындығы келтірілді.

Спикер өз баяндамасында «Цифрлық агроном», «Агроинформатик және робототехника операторы», «Сүт фермаларындағы робототехник- мал өсіруші», «Су және жер ресурстары жөніндегі IT инженері», «агрогенетик және биотехнолог», «экотехнолог», секілді жаңа мамандықтарға, олардың функцияларына, құзіреттеріне тоқталып өтті және баяндамада жаңа мамандықтармен қатар, ауыл шаруашылығы бойынша білім беру бағдарламаларына талдау жүргізілгендігін баяндады, нәтижесінде талдау логикасы нақтылайды: аймақтық атластар → жаңа және дамып келе жатқан кәсіптер → қолданыстағы кәсіптік бағдарламалармен сәйкестендіру → олқылықтар → трансформация бойынша ұсыныстар. Талдау «Ауыл, орман және балық шаруашылығы» саласына және онымен байланысты агротехнологиялық салаларға бағытталған. Мақсат – кәсіптік бағдарламалардың ағымдағы портфолиосының ауыл шаруашылығы секторының болашақ жұмыс күшіне деген қажеттіліктеріне қалай сәйкес келетінін көрсету.

Баяндамада спикер аймақтық атластардағы мамандықтар мен ауыл шаруашылығындағы қолданыстағы білім беру бағдарламаларының салыстырмасы ұсынды. Негізгі сандық көрсеткіштер: Атластағы 274 ауыл шаруашылығы кәсіптері (оның ішінде 177 жаңа және 97 трансформациялануда); 129 кәсіп жоғары кәсіптік білімге, 66-сы техникалық және кәсіптік білімге бағытталған; 17662 адам контингенті бар 251 қолданыстағы білім беру бағдарламасы; 22 білім беру бағдарламасы жабылады, 13 өзгертіледі, 10 жаңа білім беру бағдарламасы ашылатындығын атап өтті. Сонымен қатар, спикер атластағы болашақ ауылшаруашылық секторының бейнесі қазіргі оқу орындарының көпшілігінің құрылымына қарағанда айтарлықтай жоғары технологиялық және пәнаралық екендігін атап, қазіргі уақытта оқу орнының портфолиосы негізінен классикалық салаларға - агрономияға, ветеринарияға, мал шаруашылығына, ауыл шаруашылығы техникасына, орман шаруашылығына және балық шаруашылығына негізделгендігін жеткізді.

М.А.Скиба аталған баяндамада аймақтық атластардың негізгі кәсіптік блоктарына, мамандықтардың технологиялық және құзыреттілік блоктарына, БББ контингентімен аймақтық қажеттіліктерді қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы кадрларына сұранысы жоғары аймақтар туралы деректерді келтіріп, өңірлер бойынша ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының ағымдағы контингентімен аймақтық қажеттіліктерді қамту деңгейін картографиялық визуализацияны таныстырып өтті. Сондай -ақ, баяндамада бірнеше аймақтарда қажеттіліктер мен контингент арасындағы алшақтық жүйелі болып табылатындығы туралы, атластағы кәсіптер саны белсенді БББ санынан жиі асып түсетіндігі (әсіресе ауыл шаруашылығының мамандануы айқын аймақтарда) туралы, БББ трансформациясының басым бағыттары туралы, Minor және микровалификацияның маңыздылығы туралы ақпараттар берілді.

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығындағы жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласы. Агроөнеркәсіп кешеніндегі кадрлардың болашағына, құзыреттеріне және дамуына стратегиялық көзқарас

Спикер: Сакенов Олжас Берлесович, ҚР ҒЖБМ «Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының» «Мамандығым - болашағым» жобасы жетекшісі.

Сакенов О.Б. баяндамада әлем төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне аяқ басқандығын, онда технология барлық салалар бойынша, соның ішінде ауыл шаруашылығы секторында қол еңбегін біртіндеп азайып жатқандығын айтып, әрекетсіздік «ескі мектеп» мамандары арасында жұмыссыздықтың өсуіне және сонымен бірге жаңа буын кадрларының қатты тапшылығына әкелетіндігін жеткізді. Сондай-ақ, спикер «Технологиялық қуыршаққа» айналмау үшін болашақ маман күрделі автоматтандырылған процестерді басқару үшін ең жоғары біліктілікке ие болуы керектігін атап өтті.

Спикер атлас жай ғана есеп емес, 2030-2040 жылдарға арналған үкімет пен бизнес шешімдерін қабылдаудың жол картасы екендігін, оның мақсаты тексерілген нарық деректеріне негізделген кешенді саясаттарды (оқытудан бастап субсидиялар мен инвестицияларға дейін) әзірлеу болып табылатындығын айқындады. Баяндамада атластың әдістемелік негізі келтіріліп, ол Қазақстанның барлық аймақтарындағы жүздеген мамандардың, жұмыс берушілердің және салалық пікір көшбасшыларының бағалауларына («индустрия дауысы») негізделгендігі көрсетілді. Жаһандық стандарттарды, жергілікті шындықтарды және технологиялық өзгерістердің қарқынын ескере отырып, «конструктор» тәсілін қолдану арқылы құрастырылған болжау үлгісі — сценарийге негізделген тәсіл қолданылатындығы, жобаның серіктестері: «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Қазақстан фермерлер одағы, салалық қауымдастықтар болып табылатындығы туралы ақпараттар да келтірілді.

Сакенов О.Б. өз баяндамасында аграрлық сектордың өсу көкжиектеріне тоқталып, сала потенциалын іске асырудың төрт бағытын атады: Қаржы құралдары - өндеуші компаниялар үшін 6% пайыздық мөлшерлемені ұсынатын «Қарапайым заттардың экономикасы» бағдарламасы қолжетімді қаржыландыруды қамтамасыз етеді. Сыртқы нарықтар – Еуропада және бүкіл әлемде Қазақстаннан шыққан экологиялық таза шикізатқа тұрақты және өсіп келе жатқан сұраныс. Ішкі қолдау – бұл кепілдендірілген ішкі сатылым ретінде әлеуметтік нысандарды (мектептер, ауруханалар, әскерлер) мемлекеттік сатып алулардағы міндетті қазақстандық қамту. Ресурстық потенциал – Қазақстанның бай жер-су ресурстары жаңа өндіріс орындарын іздейтін трансұлттық ауылшаруашылық компаниялары үшін магнитке айналуда.

Баяндамада спикер жоғарыда аталған мәліметтермен қатар, құзыреттіліктердің сыни жетіспеушілігі мәселесі, дәстүрлі ауылшаруашылық біліміндегі дағдарысқа диагностика, 2030–2040 жылдарына «Болашақтың агроөнеркәсіптік кешені» моделі, агроөнеркәсіп кешенін дамытудағы жаһандық мегатрендтер, соның ішінде: цифрландыру, роботтандыру, жасылдандыру туралы, мамандықтардың архитектурасы: еңбек нарығының функциялардан рөлдерге ауысуы, профессинограмма – құзыреттердің блоктары туралы, классикалық мамандықтардың эволюциясы, Skills 2030 - Бәсекеге қабілеттілік формуласы, жаңа дәуірдің білім беру экожүйесі (агроөнеркәсіп кешенінің нақты қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін академиялық бағыттан практикалық бағытқа көшу туралы) сұрақтарына да тоқталып, ақпарат берді.

Баяндамасын қорытындылай келе Сакенов О.Б. ауыл шаруашылығының болашағын мемлекет қана емес, білім беру жүйесінің бүгінде кім және қалай дайындағаны да айқындайтындығын, атлас «Сөредегі құжат» ретінде емес, білім беру, бизнес және мемлекеттік саясат саласындағы басқару шешімдерінің негізі ретінде позицияланатындығын жеткізіп, Қазақстанды жоғары технологиялық және экологиялық таза азық-түлік өндірісі бойынша әлемдік көшбасшыға айналдыру мақсатында кадрларды даярлау жүйесін бірлесіп қайта құруды қажеттігін айтты.

Жаңа мамандықтар атласы негізінде білім беру бағдарламаларын құрастыру және жаңарту

Спикер: Скиба Марина Александровна, ҚР ҒЖБМ «Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының» «Мамандығым - болашағым» жобасы експерті

Скиба М.А. баяндамасында білім беру бағдарламаларының статистикасы – жалпы жағдайына тоқталып, Қазақстан Республикасындағы БББ портфелінің келесі жиынтық көрсеткіштерін атап өтті: барлық БББ-8 725; бірегей әзірлеушілер (ЖЖООКБҰ) – 121; білім алушылардың жалпы контингенті – 686 533 адам; бір БББ орташа контингент – 78,6 адам; медианды – 16,0 адам. Кәсіби стандарттарға байланған БББ үлесі - 86,1 %; 2025 жылы жаңартылған БББ үлесі - 60,7 %; мерзімі көрсетілмей жаңартылған БББ үлесі – 14,8%, нөлдік контингентті БББ үлесі – 16,3%. Сондай-ақ, спикер ҚР ЖЖООКБҰ бойынша ең көп БББ әзірлеуші және ондағы БББ санына, 2024-2025 жылдарындағы БББ әзірлеу динамикасына да тоқталып, ақпарат беріп өтті.

Спикер баяндамасын жалғасын отырып, Атлас негізіндегі БББ-ның аймақтар бойынша бөлінуіне, Павлодар облысындағы жаңа мамандықтар атласына, оның ішінде 9 сала бойынша талдау, нәтижесінде жаңа 46 мамандықтардың анықталуы (болжамды диагностика инженері, цифрлық және нейрондық желі маркетингологы, агроном-эколог және 3D модельдеу дизайнері, т.б.) және атлас негізінде 4 ЖЖООКБҰ 107 БББ әзірлегендігі (6B08211 «Мал шаруашылығындағы агробизнес», 6B07109 «Роботтық жүйелер», 6B07243 «Металлургия және қайта өңдеу») туралы ақпаратпен де бөлісіп өтті. Сондай-ақ, баяндамада Маңғыстау облысындағы жаңа мамандықтар атласы, Алматыдағы жаңа мамандықтар атласы, Қостанай облысындағы жаңа мамандықтар атласы бойынша да мәліметтер келтірілді.

Баяндамада аймақтар бойынша атласқа сәйкес БББ әзірлеу динамикасы айтылып, 2024 және 2025 жылдардағы аймақтар бойынша салыстырмалы гистограммалары көрсетілді: атлас бойынша портфельдердің жалпы өсуі 900 ден 1 460 дейін. Ең байқалатын өсу – Алматы қаласы бойынша (390 -нан 620 дейін), Астана қаласы бойынша (95-тен 145 дейін), Қарағанды обласы бойынша (90-нан 160 дейін), ал бірқатар аймақтарда өсу минималды болып қалуда.

Сонымен қатар, Скиба М.А. білім алушылар саны бойынша атластың үздік БББ (IoT-маманы, универсалды ЖИ әзірлеушісі, DevOps-инженер, жасанды нейрондық желіні дамыту инженері, product-manager, дәстүрлі энергетикалық жабдықтарды жаңғырту жөніндегі инженер, ауыл шаруашылығындағы жаңа технологиялар бойынша маман) туралы, атлас бойынша жаңа мамандықтардың пайда болуының негізгі жолдары туралы, ауылшаруашылық білім беру бағдарламаларын талдау нәтижелері туралы, оның ішінде: аграрлық секторды бөлудің логикасы, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының ұлттық портфелі, білім деңгейлері бойынша ауылшаруашылық оқу орындарының құрылымы, ауыл шаруашылығы БББ-ның тақырыптық құрылымы, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының аймақтық шоғырлануы туралы, 33 БББ қазіргі таңда жабылып жатқандығы және 22 БББ трансформациядан өтіп жатқандығы туралы, сондай-ақ 17 жаңа БББ ұсынылатындығы туралы ақпарат беріп өтті.

Баяндамада ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жаңартудың 2026-2028 жылдарға арналған жол картасы ұсынылды: 2026 жылдың I-II кварталы – верификация кезеңі (БББ-ын қолмен тексеру), «жабу/біріктіру/түрлендіру/қолдау» сценарийлері бойынша жіктеу; 2026 жылдың III-IV кварталы қайта бастау кезеңі: Атластар мен аймақтық кластерлер үшін жаңартылған БББ мен микробіліктіліктерді әзірлеу; 2027 жыл - желілік шешімдер кезеңі: желілік БББ, дуалды модульдер, аймақтық тректер және мақсаттық жиынтықтарды іске қосу; 2028 жыл - әсер ету мониторингі кезеңі: жұмысқа қабылдауды, жұмысқа орналастыруды, қажеттіліктерге сәйкестікті және портфолионың тұрақтылығын бағалау. Жабу немесе түрлендіру туралы әрбір шешімде дәлелдемелік база болуы керек - контингент, аймақтық қажеттіліктер, жұмыс берушілер, Атлас, инфрақұрылым және БББ мазмұнының сапасы.

Семинар тақырыбының маңыздылығын есекер отырып, спикер аграрлық сектордағы БББ түрлерін, форсайт және инновациялық бағдарламаларға тоқталып, реестрдегі БББ түрлері, 2023-2029 жылдарға ҚР жоғары білім мен ғылымның даму концепциясына негіздей инновациялық бағдарламалар мақсатын, микроквалификация мақсаты мен еңбек

нарығындағы қажеттілігін, Минор мақсаты мен әсері туралы, БББ әзірлеудегі Атлас трендтері, БББ мақсаты, оны оқыту нәтижелері туралы ақпарат берумен қатар, аграрлық БББ – ның оқыту нәтижелеріне талдау нәтижелерімен таныстырып өтті.

Скиба М.А. БББ жобалау әдістемесі және мысалдарға да тоқталып өтті. Баяндамада БББ жобалаудағы мүмкіндіктер (өткен жылдардағы БББ жаңарту және кәсіби сертификаттау бағдарламаларын енгізу, оқыту тек бір БББ аясында ғана емес, сонымен қатар алдын - ала оқыту форматында-мини-МВА, оқыту нәтижелерін игеруді растау мәселесі-ашықтық және электрондық портфолионың болуы, БББ-н әмбебаптандыру үрдісі-бір бағдарлама формальды түрде барлық кәсіби стандарттарға сәйкес келеді), университеттердің өзара әрекеттесуі, оқу нәтижелерінің сипаттамалары, Блум таксономиясы бойынша сұрақтарда қарастырылды.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1.1 Баяндамашылардың ақпараты назарға алынсын

1.2 Аталған ақпараттар хаттамада көрсетіліп «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесіне қарайтын ЖОО-на жолдансын.

Практикалық бөлім.

Жаңа мамандықтар атласы негізінде жаңа білім беру бағдарламаларына атауларды таңдау. Білім беру бағдарламасының мақсатын анықтау. Топтық жұмыс.

Топтық жұмыс модераторы: **Скиба Марина Александровна**, ҚР ҒЖБМ «Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының» «Мамандығым - болашағым» жобасы expertі

Топтық жұмыс барысында жоғары білім беруді жаңғыртудың негізгі мәселелері, соның ішінде білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту, жобалық қызметтің басым бағыттарын анықтау және білім беру жолдарын дамытуға салалық жаңа мамандықтар мен құзыреттіліктер атластары мен кадр қажеттіліктерінің аймақтық карталарын біріктіру қарастырылды.

Ауыл шаруашылығы және ветеринария салаларында сұранысқа ие жаңа мамандықтар мен құзыреттерге басымдық беруге ерекше назар аударылды. Қатысушылар перспективалы біліктіліктерді анықтау, қолданыстағы білім беру бағдарламаларын өзгерту және экономика мен еңбек нарығының ұзақ мерзімді қажеттіліктеріне бағытталған жаңа білім беру жолдарын әзірлеу тәсілдері талқыланды.

Семинар қорытындысы бойынша ҚазҰАЗУ білім беру бағдарламаларының өзектілігін, практикалық бағыттылығын және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған ұсыныстар тұжырымдалып, қатысушылар ҚР ҒЖБМ Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының «Жаңа кәсіптер мен құзыреттер атластары, кадрлар қажеттілігінің өңірлік карталары негізінде салалық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту» біліктілігін арттырғанын растайтын сертификатпен марапатталды.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1.3 Жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласы негізінде білім беру бағдарламаларын құрастыру әдістемесі «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» даярлау бағыттары бойынша БББ –н әзірлеуде қолданылсын.

1.4 Семинарға онлайн қатысқан ҚР басқа аймақтарындағы РОӘК мүшелеріне тиісті сертификаттары электронды түрде жіберілсін.

ОӘБ-ЖБТ хатшысы

А.Кулмахамбетова

РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары
Басқарма Төрағасы – Ректордың
Бірінші орынбасары

П.Ибрагимов.



OK